ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ

ПРЕМЬЕР-МИНИСТР РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

201 4 жылғы 20 қазан Астана, Үкімет Үйі «__» ________ 201__ года

№ 11-21/4635 №______

№_____ данасы экз. №______

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ АППАРАТЫ
Кіріс № 5647//11-21/4635 ат
2014 ж. "20" 10

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

*2014 жылғы 19 қыркүйектегі № ДС-200*

**Құрметті депутаттар!**

2014 жылы туристік қызмет нарығында туындаған жағдайға қатысты Сіздердің сауалдарыңызға мынаны хабарлаймын.

Туристік қызметтер нарығында орын алған мәселелерді шешу мақсатында ИДМ жанында оның құрамына мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың және туристік бизнестің өкілдері кірген жұмыс штабы құрылды. Еліміздің 16 өңірінің әкімдіктерінде де осындай штабтар құрылды. Тәулік бойы «қызу байланыс» телефондары қызмет атқарды.

Үкіметте мүдделі мемлекеттік органдардың, Ұлттық кәсіпкерлер палатасының және Қазақстан туристік қауымдастығының қатысуымен бірқатар кеңестер өтті, олардың қорытындылары бойынша шығу туризмінің мәселелерін жүйелі шешуге, сондай-ақ бұл салада тұтынушылардың құқықтары бұзылуының алдын алуға бағытталған шаралар әзірленді.

Осы шаралар уәкілетті орган Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп әзірлейтін Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың
2020 жылға дейінгі жол картасында көзделетін болады.

Атап айтқанда мынадай мәселелерді пысықтау көзделген:

– туроператорлық қызметті лицензиялауды 2 түрге бөлу: туроператорлық қызметке арналған лицензия, оның ішінде оларды алу үшін қойылатын талаптар тізбесіне өзгерістер енгізе отырып, чартерлік бағдарламаларды көздейтін лицензия;

0003557 *

– уәкілетті органға және жергілікті атқарушы органдарына, республикалық маңызы бар қаланың, астананың сотта істі қарауға дейін туроператорлық қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияның әрекетін тоқтата тұру бойынша өкілеттіктерін беру;

– туроператорлардың тәуекелдерін міндетті сақтандыра отырып, туристік қызмет көрсетудің үлгілік шарттарын өзектендіруді жүргізу;

– тұрақты емес рейстер (чартерлік) үшін, қонақ үй нөмірлерінде тұрғаны үшін туроператорлардың төлем енгізу тәртібі мен мерзімдерін қайта қарау;

– туроператорлар мен турагенттер өкілеттіктерінің аражігін нақты ажырату;

– туроператор мен турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершіліктерін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасының мөлшерін ұлғайту;

– туроператор мен турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершіліктерін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайларын нақты айқындау.

Бұдан басқа, «Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайларды жақсарту жөніндегі түбегейлі шаралар туралы» Мемлекет басшысының Жарлығын іске асыру шеңберінде Парламент Мәжілісінің қарауына «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайларды түбегейлі жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы енгізілді. Осы заң жобасымен ішкі және халықаралық туризм қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін туристік қызметтің тиімді жүйесін құруға, сондай-ақ туристің мүліктік және (немесе) өзге де мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге бағыттаған **«Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» және «Туроператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» заңдарға түзетулер енгізіледі.**

Жалпы, туристік көрсетілетін қызмет нарығында қалыптасқан жағдайды шешу жөніндегі іс-шаралар Үкіметтің тұрақты бақылауына алынған.

**К. Мәсімов**

| | | |
|---|---|---|
| ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ | | ПРЕМЬЕР-МИНИСТР РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН |

201__ жылғы ____________ Астана, Үкімет Үйі «20» октября 201 4 года

№ _________ № 11-21/4635

№ _____ данасы экз. № _______

**Депутатам**
**Мажилиса Парламента**
**Республики Казахстан**

*На № ДС-200 от 19 сентября 2014 года*

**Уважаемые депутаты!**

*Рассмотрев Ваш запрос касательно ситуации, сложившейся* на рынке туристских услуг в 2014 году, сообщаю следующее.

В целях разрешения сложившейся ситуации на рынке туристских услуг при Министерстве по инвестициям и развитию создан рабочий штаб, в состав которого вошли представители государственных органов, местных исполнительных органов и туристского бизнеса. Аналогичные штабы были созданы в акиматах 16 регионов республики. Круглосуточно действовали телефоны «горячих линий».

В Правительстве проведен ряд совещаний с участием заинтересованных государственных органов, Национальной палаты предпринимателей, Казахстанской туристской ассоциации, по итогам которых выработаны меры, направленные на системное разрешение проблем выездного туризма, а также на предотвращение нарушений прав потребителей в данной сфере.

Данные меры будут предусмотрены в Дорожной карте развития туристской отрасли Республики Казахстан до 2020 года, разрабатываемой уполномоченным органом совместно с Национальной палатой предпринимателей.

В частности, предполагается проработка следующих вопросов:

– *разделение лицензирования туроператорской деятельности* на 2 вида: лицензию на туроператорскую деятельность, в том числе

0003559 *

НПЦ Зак. № 847, 06.12.2011 г.

предусматривающую чартерные программы, с изменением перечня требований для их получения;

– наделение уполномоченного органа и местных исполнительных органов, города республиканского значения, столицы полномочиями по приостановлению действия лицензии на осуществление туроператорской деятельности до судебного разбирательства;

– проведение актуализации типового договора на туристское обслуживание с обязательным страхованием рисков туроператоров;

– пересмотр порядка и сроков внесения оплаты туроператорами за нерегулярные рейсы (чартеры), за проживание в гостиничных номерах;

– четкое разграничение полномочий туроператора и турагента;

– увеличение размера страховой суммы по договору обязательного страхования гражданско-правовой ответственности туроператора и турагента;

– четкое определение страхового случая по договору обязательного страхования гражданско-правовой ответственности туроператора и турагента.

Кроме того, в рамках реализации Указа Главы Государства «О кардинальных мерах по улучшению условий для предпринимательской деятельности в Республике Казахстан» на рассмотрение Мажилиса Парламента внесен законопроект «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам кардинального улучшения условий для предпринимательской деятельности в Республике Казахстан». Данным законопроектом **вносятся поправки в законы «О туристской деятельности в Республике Казахстан» и «Об обязательном страховании гражданско-правовой ответственности туроператора и турагента»**, которые направлены на создание эффективной системы туристской деятельности для обеспечения потребностей внутреннего и международного туризма, а также обеспечение защиты имущественных и (или) иных интересов туриста.

В целом, мероприятия по разрешению сложившейся ситуации на рынке туристских услуг находятся на постоянном контроле Правительства.

**К. Масимов**